

А.Х.ЕРИМБЕТОВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ П Дауыссыз дыбысының табиғаты

В данной статье рассматриваются природные особенности согласных звуков в тюркских языках. На основе материалов казахского и тюркских языков определяются архетип и однотипные сходства звуков «п» и «б».

Makalede türk dillerindeki sessizlerin tabiiözelliğleri değerlendirilir kazak ve türk dilindeki metinler esas olnasak “p” ve “b” seslerinin yakınlıkların incelenir.

Қоғамның аса маңызды құрамы болып табылатын тілдің өзіндік даму заңдылықтары бар. Соның ішінде түркі тілдерінің даму жолдары ерекше. Қай кезең тұрғысынан алсақ та, тіл заңдылықтарының бірі болып табылатын дыбыс сәйкестіктері кез келген тілде кездесіп, оның әрі қарай дамуына ықпал етіп отырады. Сөздер тілімізде әр түрлі дыбысталады. Лексикалық единицалардың мағыналық дәлдіктерін сақтай отырып, әр түрлі құбылыстардың ықпалымен өзінің әдеттегі тұлғасынан өзгеше бірнеше варианта айтылады. Варианттас сөздер өзара сан алуан дыбыс түзеді. Солардың арасынан, әсіресе, сөз басындағы дыбыс алмасуларының қазірге дейін жарыса қолданылып жүргендегі өте көп. Бұл жарыса қолданылып жүрген сәйкестіктер кездейсоқ қалыптаса салған жоқ, яғни дауыссыз дыбыстардың тарихи өзгеру заңына сәйкес түрленген сәйкестіктер болып табылады. Сондай сәйкестіктердің бірі – қазақ және түркі тілдеріндегі п~б тектес дауыссыз дыбыстарының сәйкестігі. Бұл дыбыстар қазіргі қазақ тіл білімі тұрғысынан артикуляциялық-акустикалық жағынан былай сипатталады: «П – еріннің бір-біріне нық жабысып, кенет ашылуынан жасалатын (эксплозиясы мен имплозиясы) бар шұғыл қатаң фонема; б – еріннің бір-біріне жабысып, кенет ашылуынан жасалатын (эксплозиясы мен имплозиясы) бар шұғыл ұяң фонема» [1. 44-48]. Б, п фонемаларының тілде қолданылуының ерекшелігі бар. С.Мырзабеков ұяң б фонемасының сөз басында 6258 сөзде кездесетінін айтады [2. 59]. Жалпы лингвистикада п дауыссызы әлем тілдерінде ең көп тараган дыбыстардың қатарына жататынын айта келе: «Смычные двугубные (иначе - губно-губные или билабиальные) п... относятся к самым распространенным согласным в мире; п встречается во всех известных языках, кроме немногих языков некоторых африканских племен» дейді (Зиндер Л.Р. Общая фонетика. М., 1979). Сонымен қатар сөз ортасында да белсенді қолданылып, ал сөз аяғында б жазылғанымен, п болып айтылады. Ал п фонемасы сөздің барлық позициясында кездесе береді. Сөздің басқы, соңғы позицияларында бұл екі фонема көрші дыбыстардың әсерінен бірімен-бері алмасып отырады. Әсіресе туынды сөздерде түбірдің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, оған

A.X.Ерімбетова. Түркі тілдеріндегі п дауыссыз дыбысының...

жалғанатын қосымша немесе екінші түбір б-дан басталса, айтылуда п-мен айтылады. Мысалы *Ақбота – Ақпома, Сәтбай – Сәттай, Ақбұлақ -Ақпұлақ, Үибійк-Үишик, Айытбек-Әйіттек, Аялберген-Айапперген, Есберген-Есперген, Жолдасбек-Жолдаспек* т.б. Сонымен қатар сөздің соңы қатаң п-ға бітіп, келесі сөз немесе қосымша дауысты не үнді, ұяңнан басталса, онда п қатаңы ұяң б-ға ауысады. Мысалы: *Көпжасар – Көбжасар, көп еді – көбеді, көп нәрсе, -көбнәрсе, сап-ы – сабы, қап-ы – қабы, мектеп-і - мектебі* т.б. сөз ортасында келген п, б дыбыстарының бір-біріне еркін алмаса беретінін көреміз. Ал сөз басында келген б дыбысын п дыбысы және керсінше п дыбысын б дыбысы оңай ауыстырады. Мысалы: *палуан-балуан, пал-бал, байымдау - пайымдау, полат-болат, піт-біт, пітиру - бітиру, пейнет - бейнет* және т.б. көптеген сөздерді келтіруге болады. Әрине, сөз басында п не б-мен айтылатын сөздердің барлығын біріне-бірін ауыстырып айта беруге болмайды. Бұл сөз басында п мен б-ның біріне-бірінің ауысуында белгілі бір заңдылықтың бар екенін көрсетеді және бұл заңдылық негізінен сөз ортасында дыбыстардың комбинаторлы жолмен өзгеруінен туатын фонетикалық заңдылықтан басқаша. Ешқандай семантикалық мән жүктемей сөз басындағы б~п сәйкестігі қазақ тілінің бірқатар жергілікті ерекшелігінде де кездеседі. Бұл туралы С.Омарбеков ұяң б-ның қатаң п-ға ауысыуының біршама байқалатын жері Өзбекстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан республикаларының территориясы мен осы республикаларға шектес аймақта тұратын қазақтардың тілі екенін көрсетеді [3. 123]. Мысалы:

Қарақалпақ- стандағы қазақтардың тілінде	Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінде	Өзбекстан- дагы қазақтардың тілінде	Өзбек тілінде	Қазақ әдеби тілінде
пұта	пута	пұта	пъта	бұта
палақпан	палақпан	палапқан	палақмон	балакпан
пәте	пәте	пәте	пътия	бата
пұтқұл	пұтқил	пұтқұл	путкул	бұтқіл
пақыр	пақыр	пақыр	пакир	бакыр
пәкі	пәки	пәкі	пакки	бәкі
пәлек	пәлек	пәлек	палак	бәлек
пұтун	путин	пұтін	путін	бұтін

Сөз басында кездесетін п~б сәйкестігі Қазақстанның солтүстік, шығыс, орталық өнірінде кездеспейді. Қазақ тіліндегі п~б сәйкестігінің жергілікті ерекшелікте таралу мүмкіндігі туралы тілші С.Бизақов былай дейді: 1. Өткен ғасырлардағы өлең-жырларда, жазба ескерткіштерде олардың қатаң вариантын қолдану қазіргіден гөрі жирик болғаны белгілі. Бұл – п/б дыбыстарының алмасуынан түзілген варианттардың көне түрі қатаң «п»-мен

ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2010

айтылған сыңары екенінің бір айғағы. 2. Қазіргі қазақ тіліндегі п/б дыбыстарынан басталатын вариантардың көпшілігінің территориялық шегі (изоглосы) бар. Олардың қатаң “п”-дан басталатын сыңарларының жергілікті жерге тән ерекшелік болуы басым» дей келе, *пұтқіл/бұтқіл, пұтін/бұтін, полат/болат, пітіру/бітіру, пұтақ/бұтақ, пензин/бензин, тана/таба, пада/бада, пәле/бәле, палуан/балуан, пәлен/бәлен* тәрізді вариантар келтіреді. Сонымен қатар тілші бұл аталған ерекшелік оңтүстік, ішінара батыс өңірі говорларында қолданылатындығын айтады [4. 11]. Бұл құбылыс батыс өңіріндегі Манғыстау говорында *палуан-балуан, пұтақ-бұтақ, пақыт-бақыт* сияқты сөздерде, Арал говорында *әптен-әбден, пата-бата, песін-бесін* сияқты сөздерде кездеседі. Сонымен қатар *п~б* сәйкестігі сөз басында Түркіменстан тұрғындары тілінде де *пыриу-быриу, пыңа-бұқа* сөздерінде кездеседі. Бұл құбылыстың Өзбекстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан республикаларының территорияларына көршілес жақын жатқан қазақтардың тілінде кездесуі өзбек, тәжік, қарақалпақ, түркімен тілдерімен астарлас болуы да мүмкін [3. 123]. Себебі бұл аталған тілдерде ұяң 6-ға қарағанда қатаң *п*-дан көп сөз басталады. Сонымен қатар *п~б* және *б~п* сәйкестіктері ауызекі тілімізде де көптеп кездеседі. Мысалы:

Әдеби тілде	Жергілікті ерекшелікте
бітей	пітей
біту	піту
бұқа	пұқа
бітік	пітік
балта	палта
бақа	пақа
бақыт	пақыт
бейнет	пейнет
барқыт	парқыт
бытырау	пытырау
байқау	пайқау
бешшет	пешшет
бәтеңке	пәтеңке
бұктеу	пұктеу
шүберек	шүперек
жібек	жіпек
көнбіс	көмпіс
төбешік	төпешік

А.Х.Ерімбетова. Түркі тілдеріндегі п дауыссыз дыбысының...

Әдеби тілде	Жергілікті ерекшелікте
пісіру	бісіру
пысық	бысық
пенде	бенде
пейіл	бейіл
шікір	бікір
перне	берне
палау	балау
парықсыз	барықсыз
топан	тобан
салпақтау	салбақтау


Қазақ тіліндегі сөз басындағы п~б сәйкестігі белгілі бір сөздерде ғана кездесуінің мәнін ашу үшін қазіргі түркі тілдерінің тілдік материалдарына жүгінеміз:

Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде	Өзбек тілінде	Түрікмен тілінде	Татар тілінде	Түрік тілінде
<i>baқa</i>		<i>baha</i>	<i>baha</i>	<i>bāyā</i>	<i>paha</i>
<i>барыс</i>				<i>bars</i>	<i>pars</i>
<i>шопан</i>	<i>çoban</i>	<i>çopán</i>	<i>çopan</i>	<i>çaban</i>	<i>çoban</i>
<i>корпа</i>	<i>sorpe</i>	<i>şorvā</i>	<i>çōrba</i>	<i>şulpa</i>	<i>çorba</i>
<i>бұтақ</i>	<i>butak</i>	<i>butak</i>	<i>pūdak</i>	<i>botak</i>	<i>budak</i>
<i>бейсенбі</i>	<i>beysembi</i>	<i>pāyşānba</i>	<i>penşenbe</i>	<i>pānciştām bi</i>	<i>perşembe</i>

Азербайжан тілінде	Башқұрт тілінде	Үйғыр тілінде	Білдіретін мағынасы
	<i>baha</i>	<i>baha</i>	дene тұрқы қысқа әрі жалтақ, теріci жылтыр, құйрықсыз, қос мекенділер тұқымдастының бірі [КТТС., 2-т., 50-б., -696]
<i>bars</i>	<i>bars</i>	<i>bars</i>	түсі шұбар, мысық тұқымдастарына жаратылып жыртқыш аң [КТТС., 2-т., 110-б., -696]
<i>çoban</i>	<i>çaban</i>	<i>çopan</i>	қой бағатын кісі, қойшиы [КТТС., 10-т., 256-б., -512]
<i>şorba</i>	<i>şurpa</i>	<i>şorva</i>	суга қайнап піскен еттің сөлі шыққан сұйық тамақ [КТТС., 8-т., 351-б., -592]
<i>budak</i>	<i>botak</i>	<i>putak</i>	агаш діңінің жапырақтар өсемін тармақ-тармақ сабагы [КТТС., 2-т., 553-б., -513]
		<i>pāyşānbā</i>	антаның төртінші күні [КТТС., 2-т., 228-б., -696]

П~б дыбысының сәйкестігі – бірсыныра түркі тілдеріне ортақ құбылыс. А.М.Щербак бұл алмасудың себебін, олар әуел баста бір дыбыстан пайда болған деп есептейді [5, 61]. Аталған сәйкестікке байланысты белгілі диалектолог С.Омарбеков былай дейді: «п, б дауыссыздарының түркі тілінің дыбыстық жүйесіндегі фонологиялық қызметінің соншалық елеулі еместігі, әрі олардың сөздің барлық позициясында бірін-бірі оңай алмастыруы сияқты белгілері – сөз жоқ, бұл дыбыстардың әуелде бір фонемадан өрбігендейтінің нышаны...» [3, 131].

Қазіргі қазақ тілінде жиі кездесетін п~б дауыссыз дыбыстар сәйкестігінің пайда болуы мен дамуын сыйбамен былайша көрсетеміз:



Түркітануда айтылған пікірлерге сүйене отырып, п~б сәйкестігі бір негізден тараған текстес дауыссыз дыбыстар сәйкестігі деп танимыз, оны қазақ және түркі тілдерінің материалдары дәлелдейді.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. *Аралбаев Ж.* Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. А., 1988, Ғылым. –144
2. *Мырзабеков С.* Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. Алматы: Сөздік словарь, 1999. -200
3. *Омарбеков С., Жұнісов Н.* Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. Алматы: Мектеп, 1985. -208
4. *Бизақов С.* Вариант сөздер сөздігі. А., Білім, 2000, 11-б
5. *Щербак А.М.* Грамматический очерк языка тюркских текстов. М.-Л., 1961, 64-185

REZUME

A.H.ERIMBETOVA (Almaty)

MONOSILLABUS – CONNECTING LINGUISTIC FACTORS OF THE MIDDLE AGES TO THE CURRENT LANGUAGE

This article discusses the natural features of consonants in the Turkic languages. On the basis of the Kazakh and Turkic languages defined by the archetype of the same type and the similarity of sounds "p" and "b".